*Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology,
Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines*

ICSSCA-IV



BİRLİKTE YENİ ARAYIŞLAR: TÜRKİYE-TÜRK DÜNYASI KARDEŞ ŞEHİR İLİŞKİLERİ

Kasım KARAMAN

Doç.Dr., Erciyes Üniversitesi, kasimkaraman@hotmail.com

ÖZET

Kardeş şehir, ulusal ya da uluslararası düzeyde, iki şehir veya kasabanın ekonomik, siyasi, kültür, eğitim, turizm, sağlık, çevre gibi alanlarda işbirliklerini öngören protokolleri ifade etmektedir. Amaçlar ve yapılanmalar bakımından protokoller yerel, bölgesel ve küresel boyutta değerlendirilebilir. Son yıllarda, Avrupa Birliği, Avrupalı kimliği altında üye ülkeleri, Avrupa'nın tarihsel bölünmüşlüğü ve farklı kültürel yapılarını kent eşleşmeleri yoluyla aşmaya çalışmaktadır. Bu bağlamda kent eşleşmeleri Avrupa için yerel aktörlerin girişimiyle oluşturulan bölgesel bir işbirliğinin yeni bir aracı olarak gelişmektedir. Avrupa yerel yönetimleri kent eşleşmeleri yoluyla bir taraftan bilgi birikimlerini paylaşma, ortak projeler geliştirme ve sürdürülebilir ortak kalkınma stratejileri geliştirme imkânları ararken diğer taraftan enerji, gıda, su, hava kirliliği, göç ve iklim değişikliği gibi bölgesel ve küresel problemlerin çözümünde de işbirliği kurmayı amaçlamaktadırlar. Haziran 2016 itibariyle, Türkiye'den 392 belediye 127 ülke ve 1547 belediye ile kardeş şehir protokolü imzalamıştır. Türk Dünyası özelinde ise Türkiye'den 52 belediyenin, başta Kuzey Kıbrıs Türk Cumhuriyeti, Azerbaycan, Kazakistan gibi ülkeler olmak üzere, yaklaşık 357 belediye ile kardeş şehir protokolü bulunmaktadır. Kardeş şehir protokolleri, ilişkilerin içeriği ve sürdürülebilirliği açısından işlevsel gözükmemektedir. Protokol yapılan belediyelere, Türkiye'den protokole taraf belediyeler tarafından iş makinesi, alt yapı çalışmaları, inşaat işleri gibi bazı destekler sağlanmakla birlikte, ilişkiler genellikle karşılıklı ziyaretlerle sınırlı kalmaktadır. Diğer taraftan belediyelerde kardeş şehir ilişkilerini yürütecek, bilgi akışını sağlayacak, işbirliği imkânları artıracak ya da yöneticilere bu konuda danışmanlık yapacak yeterlilikte uzman kadrolar bulunmamaktadır. Türkiye-Türk Dünyası ilişkilerinin ekonomik, siyasi, eğitim, sağlık gibi birçok alana yayılması ve ortak bir kültür politikasının oluşturulmasında kardeş şehir protokolleri önemli bir işlev görebilme kapasitesine sahiptir. Bu çerçevede Türkiye'deki belediyelerin Türk Dünyası içinde yer alan belediyelerle sürdürülebilir kardeş kent protokollerinin sayısının artırılması gerekmektedir.

Anahtar kelimeler: Kardeş kent, Kent eşleşmeleri, Türk Dünyası, Belediye

4th International Congress On Social Sciences, China To Adriatic

info@iksad.org www.iksad.org | March 12-14, 2017
www.iksadkongre.org Gaziantep / TURKEY

Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology,
Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines

ICSSCA-IV



ASKERİ LOJİSTİK VE ÖNEMİ

Neslihan BOLAT BOZASLAN

Okutman Dr., Gaziantep Üniversitesi, bolat@gantep.edu.tr

ÖZET

Lojistik faaliyetler, iâşe, ibate, nakliye ve sıhhiye hizmetlerinden oluşan bir zincirdir. Bu faaliyetler, savaşların kazanılmasında ya da kaybedilmesinde önemli bir etkiye sahiptir. “*Ordular midelerinin üzerinde yürürler*” der Napolyon. Bu söz askeri lojistiğin önemini ifade etmesi bakımından son derece önemlidir. Bu güne kadar yapılan savaş tarihi araştırmalarında savaşın yalnızca cephe kısmı ele alınmış, cephe gerisi ihmal edilmiştir. Oysa lojistik faaliyetler vasıtasıyla cephe ile iç kesimler arasında kesintisiz bilgi edinmek mümkün olacağından hem savaşın gidişatı hakkında bilgi edinilmekte hem de cephede savaşan ordunun ihtiyaçları giderilmektedir. Özellikle Birinci Dünya Savaşı lojistik faaliyetler bakımından bir dönüm noktası olmuştur. Çünkü dünya ülkeleri ilk defa top yekûn bir savaş içine girmiştir. Bu sebeple seferberlik için çağrılan insan sayısı artmış ve insanlar üretici konumdan tüketici konuma geçmiştir. Üstelik savaşın beklenenden uzun sürmesi hem cephede hem de cephe gerisinde lojistik faaliyetler bakımından büyük sıkıntılara neden olmuştur. Bu savaştan alınan dersle İkinci Dünya Savaşında ordular lojistik açıdan daha planlı hareket etmişlerdir. Japonya ve ABD'nin çalışmaları neticesinde askeri lojistik bir disiplin olarak karşımıza çıkmıştır.

Anahtar Kelimeler: Lojistik, Ordu, Birinci Dünya Savaşı, Cephe.

ABSTRACT

Logistics is a chain of activities, subsistence, payment, transportation and sanitary services. These activities have an important influence on the acquisition or loss of wars. Napoleon says, "They will walk on the army's mids." This remark is crucial in terms of expressing the importance of military logistics. In the war history investigations made up to this day, only the front part of the war has been dealt with and the rear has been neglected. However, because it is possible to obtain uninterrupted information between the front and the interior sections through logistical activities, both the information about the war and the needs of the fighting army are eliminated. Especially the First World War is a turning point in logistics activities. Because for the first time in the world countries have entered into a total battle. For this reason, the number of people called for mobilization has increased and people have moved from the manufacturer position to the consumer position. Moreover, the long-lasting war has caused great distress in terms of logistics activities both on the front and behind the front. In the course of World War II, the army learned more about logistics. As a result of the studies of Japan and USA, military logistics discipline has emerged as a discipline.


Key Words: Logistics, Army, First World War, Front.

4th International Congress On Social Sciences, China To Adriatic

info@iksad.org www.iksad.org | March 12-14, 2017
www.iksadkongre.org Gaziantep / TURKEY

*Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology,
Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines*

ICSSCA-IV



TÜKETİM OLGUSU ve PAZARLAMA

Hanifi Murat MUTLU

Doç.Dr. Gaziantep Üniversitesi, İktisadi İdari Bilimler Fakültesi, Uluslar Arası Ticaret ve Lojistik
Bölümü, 27310-Şehitkamil/Gaziantep, mutlu@gantep.edu.tr

GENİŞLETİLMİŞ ÖZET

Miller (2012), Tüketim Evrimi isimli kitabında, günümüz insanının, ÇALIŞ-SATIN AL-ARZULA sarmalı içerisine kendini hapsederek, tüketim değirmeninde öğütüldüğüne işaret etmektedir. Gündelik hayatımız içerisinde sadece sıradan bir gözlem yaptığımızda bile, çevremizdeki birçok insanın (ki kendimiz için de geçerli) aşırı tüketme isteklerini, hemen hemen her boş zamanını küçük büyük demeden bir alışveriş merkezlerinde “ne alsam” kafa yapısıyla geçirdiklerini, her şeylerini kolaylıkla çöpe atıp ve yine aynı kolaylıkla yenisini satın aldıklarını görebiliyoruz. Böyle bir tüketici grubunun oluşmasının günah keçisi de -yine aynı topluluk tarafından- pazarlama faaliyetleri ve pazarlamacılar olarak tanımlanabilmektedir. Bu çalışmanın amacı pazarlama olgusunun, tüketim faaliyetlerindeki rolünü ortaya koymaktır. Çalışmanın ana problemi, pazarlamanın gerçekten bir günah keçisi mi yoksa masum mu olduğunu tartışmaktır. Dolayısıyla, çalışma tüketim kavramının açıklanması, tüketime neden olan faktörler, aşırı tüketim ile tüketim karşıtlığı iki uç noktasının pazarlama açısından taşıdığı anlam ve tüketim ile pazarlama arasındaki bağın tartışılacağı başlıklardan oluşmaktadır.

Tüketim, meşru bir ihtiyaç karşılığı olsun ya da olmasın, bunların giderilmesi için harcanan veya harcanması göze alınan maddi ve manevi değerlerin seferber edilmesi olarak tanımlanmaktadır (Torlak, 2016). Tanımdan da anlaşılacağı üzere tüketimin temelini ihtiyaçlarımız oluşturmaktadır. Bu noktada pazarlama faaliyetlerini günah keçisi olarak gören düşüncenin ilk varsayımı; pazarlamacıların bireyde var olmayan ihtiyaçları yarattığına ilişkin toplumsal yargıdır. Bu ne kadar doğrudur? Pazarlamanın konusu içerisine giren ihtiyaç kavramı, aslında uzun zamandır insanoğlunda var olan ve Maslow’un ihtiyaçlar hiyerarşisi piramidi içerisinde yer alan kavramdır (Koç, 2008). Dolayısıyla, fizyolojik ihtiyaçlarımızdan başlayıp sırasıyla, güvenlik ihtiyacı, ait olma, sevgi, sevecenlik ihtiyacı, saygınlık ihtiyacı ve kendini gerçekleştirme ihtiyacına kadar var olan bu temel ihtiyaçlar sinsilesinin pazarlamacılar tarafından yaratılması olası görünmemektedir. Pazarlamanın yapabileceği ancak var olan bu ihtiyaçları tatmin edecek değişik alternatifleri yaratmaktan ibarettir.

Tanınımın ikinci bir unsuru ihtiyacın meşruluğu kavramıdır. Tüketim kavramını, salt tüketmek eylemi neticesinde oluşan bir olgu olarak ele alınır ise meşrutiyet kavramını fazlaca tartışmaya gerek yoktur. Ancak, bir kol saati için 2,2 milyon dolar ödemek, astragan bir kürk için henüz 10-15 günlük kuzuyu kesmek ya da sadece çantanızın kenarına asacağınız bir anahtarlık için indirimli 7.000 TL fiyat ödemeye razı olmak be bu örneklerle benzer birçok tüketim örneğinin meşrutiyetinin tartışılması tüketim ve pazarlama açısından son derece önemlidir. Torlak (2016), bir ihtiyacın meşruluğunu belirleyen temel unsurlar olarak, evrensel ahlaki değerlerin, toplumsal değer yargılarının, ihtiyaçların giderilmesinde tüketilen kaynakların ve bu kaynakların insan sağlığı ve çevreye olan etkilerinin önemli rol oynadığını belirtmektedir. Ayrıca, meşruluk kavramının

değerlendirilmesinde, bu unsurlardan bağımsız olarak, her olayın kendi bağlamında değerlendirilmesinin daha doğru bir analiz yöntemi olacağına işaret etmektedir.

Tanımın üçüncü ve son unsuru, ihtiyacın giderilmesi için harcanan ve harcanması göze alınan maddi ve manevi değerlerdir. Bankalararası Kart Merkezi (BKM) verilerine göre, ülkemizde 2016 yılı sonu kredi kartı sayısı 58.215.318 adet ve işlem miktarı 588.466.110.000 TL'dir. Tüketim sadece, maddi anlamda daha fazla harcamamıza ve gelecekteki gelirlerimizin borçlanmasına neden olmamaktadır. Tüketmek adına birçok manevi değerlerimizden de vazgeçiyoruz. Iphone satın almak için böbreğini satışa çıkararak ya da yirmi ayrı sevgilisine Iphone satın alarak ev satın alan gibi insanların tüketmek adına daha hangi insani, ahlaki, toplumsal ya da etik değerlerinden vazgeçebileceklerini düşünmekte yara vardır. Neden bu manevi değerlerimiz kolaylıkla harcanabilir hale geldi? Çalışmanın ilk giriş cümlesinde belirtmiş olduğumuz sarmal bizi bu noktaya getirebilmektedir. Uzman psikolog Yanık (2016), bu sarmaldaki ilerlemenin kişiye mutsuzluk virüsü bulaştıracığını, tedavi edilmemesi durumunda hem ruhsal hem de bedensel rahatsızlıklara yol açacağını belirtmektedir. Dolayısıyla, tüketim derken kendimizi tüketir hale geliyoruz.

Yukarıda bahsedilen bu sorunların içerisinde pazarlamanın payı nedir? Pazarlama, kendi düşünsel gelişimi içerisinde bugün geldiği nokta dikkate alındığında, müşteriye bir av gözü ile baktığı dönemlerin çok çok ilerisindedir. Ancak, aşırı tüketimi körüklemenin pazarlamanın mottosu olarak algılandığı dönemler geçmişte olmuştur. Her ne kadar ve ne yazık ki hala günümüzde bu ilkeyi benimseyen ve karlı bir biçimde hayatlarını sürdüren işletmeler vardır. Maalesef ki pazarlamanın günah keçisi olmasına neden olan bu işletmeler, pazarın kendilerine sundukları rekabetçi boşluklar, yasal düzenleme eksiklikleri ve tüketici bilgi eksikliği ve bilinçsizliği gibi nedenlerle yaşamlarına ve tüketiciyi daha fazla tüketme konusunda iştahlandırmaya devam etmektedirler. Bu iştahlandırmanın meteforik bir örneği olarak, T.C. Sağlık Bakanlığı obezite ile mücadeleyi öncelikli bir sorun olarak ele almaktadır.

Bireylerin tüketim nedenleri ile tüketim karşıtlığına yönlendiren nedenleri örtüşmemektedir. Uz (2016), tüketim karşıtlığının nedenleri olarak Chatzidakas ve Lee (2012)'nin çalışmasına atıfta bulunarak bireylerin sahip olduğu;

- a) Etik kaygıların,
- b) Çevresel kaygıların,
- c) Tüketici direnişinin, belirli bir küresel tüketim baskısı ya da küresel tüketim kültürüne karşı geliştirdiği tepkinin,
- d) Sembolik kaygıların tüketim karşıtlığını oluşturabileceği ifade etmektedir.

Pazarlama tüketime, aşırı tüketimin yarattığı doyumsuzluk ile dünya ile ilişkisini minimuma indirmiş ve rızkın tanrıdan geleceğine inanarak fakir hayatı seçen bir Sadhu (Hint fakiri) gibi tüketmeme eylemlerine birinin iyi diğerinin kötü olarak değerlendirildiği noktadan bakmamaktadır. Pazarlama, artık tüketici merkezli yapısından insan odaklı Pazarlama 3.0. konseptine geçiş ile değere dayalı, insanları sadece tüketici olarak görmeyen, akıl, kalp ve ruh taşıyan ve ürün ve hizmetlerin satın alınmasında ve tüketilmesinde insanlık için endişe duyan bireylere hizmet ettiğinin farkında olan bir yapıya bürünmektedir (Kotler vd., 2012). Dolayısıyla pazarlama hedef kitlesine "tüketmeden, tüketim" yaklaşımı ile doğru tüketim örneklerini benimsetmelidir.

Anahtar Kelimeler: Tüketim, Aşırı Tüketim, Tüketim Karşıtlığı, İhtiyaç, Pazarlama

Kaynaklar

Chatzidakis, A., & Lee, M. S. (2013). Anti-consumption as the study of reasons against. *Journal of Macromarketing*, 33(3), 190-203.

Koç. E. (2008). *Tüketici Davranışı ve Pazarlama Stratejileri Global ve Yerel Yaklaşım*. Ankara: Seçkin Yayınevi.

- Kotler, P., Kartajaya, H., & Setiawan, I. (2012). Pazarlama 3.0. Çeviren: Kıvanç Dündar. İstanbul: Optimist Yayınları.
- Miller, G. (2012). Tüketimin Evrimi Cinsiyet, Statü ve Tüketim. Çev. Gülçin Vardar. İstanbul: Alfa Basım Yayım.
- Torlak, Ö. (2016). Tüketim Bireysel Eylemin Toplumsal Dönüşümü. İstanbul: İnkılap Basım Yayım.
- Uz, N.N. (2016). "Tüketim Karşıtlığı". İktisat ve Toplum, Yıl: 7, Sayı: 73, 38-40.
- Yanık, A. (2016). "Tüketimi Tetikleyen Faktör Olan Doyumsuzluk Hastalığı Nedir?". İktisat ve Toplum, Yıl: 7, Sayı: 73, 50-51.



ТҮРКІМЕННІҢ ҰЛЫ ОЙШЫЛЫ АҚЫН М.ФРАГИДІ ТАНЫТУДЫҢ КЕЙБІР ЖОЛДАРЫ

Жұмажанова Төкен Қонысбайқызы

п.ғ.д., профессор Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы
medeubaeva_kt@mail.ru

Мақтұмқұлы – ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген түрікмен халқының классик ақыны. Есімі Шығыстың ұлы ақындары Фирдоуси, Сағди, Низами, Науаилармен қатар тұратын түрікмен әдебиетінің классигі. Мақтұмқұлы Фраги – өз кезінің, өз дәуірінің өкілі. Көшпелі түрікмен халқының ел бірлігін сақтаудағы, жас ұрпақты елін-жерін қорғауға, биік адамгершілікке шақырудағы құрал поэзия болды. Сол себептен де М.Фраги шығармалары көбінесе дидактикалық-пәлсафалық сарында келеді. Ақпараттық-танымдық құрал да, тәрбиелік құрал да, шақырушылық құрал да өлең-жыр болғандықтан, елін жан-тәнімен сүйетін Мақтұмқұлы поэзия арқылы халқына тіл қатады. Оларда ақын ізгілік мұраттарды ту етіп көтереді, оның бірден-бір жолы – адамгершілік, рухани тәуелсіздік деп біледі. Бұл жағынан оның поэзиясында сол заманның гуманистік құндылықтары алға шығарылады.

Мақтұмқұлы достықты, махаббатты, адал еңбек пен ғылымды насихаттаған.

Ойындағы құр қиял –

Мақсат емес жиған мал.

Еңбегіңе бол адал.

Ғылым табар шақ керек, –

дейді.

Ол өзі ғылымға кеңінен құлаш сермей алмағанына өкінеді. Бірақ өз арман-қиялының биік екенін «Дегейсің» өлеңінде анық танытады. Өзі өмір қиындығын көп көрген, күнкөріс үшін қолөнершілікпен шектелген ақын ғылым, өнер жолын дамытуды кейінгі ұрпақтан күтеді. Өзі оны көптеген өлеңдерінде насихаттаған.

Мақтұмқұлы өлеңдерінің көпшілігі қоғамдағы әділетсіздікті сынап көрсетуге арналған. Ақын өз өміріне байланысты «Айырылдым», «Жар керек» сияқты өлеңдерін жазған.

Бұлбұл құс зар шегіп,

Гүл бақшамнан айырылдым.

Екі көзден жас төгіп

Сүйгенімнен айырылдым, –

деп ақын іштегі мұңын сыр ғып шертеді.

Мақтұмқұлы шығармашылығында оның эстетикалық көзқарасы, ақындықтың мұрат-мақсаты айқын тұжырымдалған. Ақынның халық өмірімен тығыз байланысы, еңбекші елдің әлеуметтік тіршілігіне үңілу, өз елінің бостандығы мен азаттығын аңсау, өз басының өнерімен халқына пайдалы қызмет ету идеялары – міне, ақынды батыл да өткір шығармашылық еңбекке жұмылдырған – осылар. Оның эстетикалық көзқарастары да осы негізде қалыптасты.

Ол өз туындысында адам жанын түсінуге, уақытында әр нәрсенің нарқын қасиеттеп, қадірлеуге үндейді. Елге, жерге деген махаббат, сондай-ақ сөз қадірін білу, бағалау үлкен

мәрттіктен туатынын анық аңғарта отырып, өзі саралап жауап беруге тырысады. Ақынның тұжырымдап айтқан түйіні – береке, бірлік, түсіністік.

Заманымыздың заңғар жазушысы Шыңғыс Айтматов: «XVIII ғасыр – Мақтұмқұлы өлеңдерінің ғасыры болды. Мақтұмқұлының ғасырдан ғасырға жеткен жыр мұрасы халықаралық өлең әлемінде өзінің лайықты бағасын алды. Ол жүрегі сөйлеген философ болатын» деген екен. Бұл – Мақтұмқұлы шығармашылығына дәл берілген баға. Басынан өткізген сан қилы замандарда да түрікмен халқы әдеби-рухани құндылықтарың қашан да жоғалтқан емес.

Ол – елін сүйген патриот. «Ердің ерлігі еліменен» деген идея оның өлеңдерінен жиі ұшырасады. Ел бастар батыр ұлдарды, олардың елімен ынтымағын ақын сүйіп жырлаған.

Батыр болса, бол білсін қайырлы,

Кеудесі кең ақыл-ойға пайымды.

Түзде жүрсе, қарасын сан қиырға

Өз жеріне өнер, ісі керек-ті.

Зердесінде бары болса жігіттің,

Қалмас жатып сыртқа шығар ол екпін.

Елге біткен батырлықты, жүректі.

Басқаруға батыл кісі керек-ті.

Бұл тақырыпта Мақтұмқұлы өлеңдерінде елдің тәуелсіздігін сақтау үшін тек бірліктің жеткіліксіздігі, ерлік пен батырлық дәстүрді берік сақтау қажеттігі қозғалады. Осыдан барып оның шығармаларының басты кейіпкері – елі үшін еңіреген ердің жаңа образы толысады. Мұндай жігіттің бейнесінен ақын бір сөзді табандылықты, елін қорғау үшін әрқашан даяр батырлықты көреді.

М.Фраги шығармалары қашанда құнды. Ақын жырының өміршендігі сондай, тіпті бүгінгі күндегі кейбір өмір шындықтарын суреттеп отырғандай әсер қалдырды. Ел тағдыры, адамгершілік т.б. қашанда бірінші кезекте орын алады. Оның халықшыл үні, даусын естігендей боламыз. Ақынның сөз қолданысында салыстырып, тұспалдап сөйлеу басым көрінеді. Кеселден айығудың жолын іздеп, шарқ ұрады. Ақын өз заманының шындығын жаңаша бейнелеп жеткізуге тырысады. Ол қашанда өз өлеңдерін халқым түсінсе екен деген мақсатпен қарапайым тілмен бейнелейді.

Түрікмен халқының тарихындағы ауыр кезеңдерге байланысты (XVIII ғ.) Мақтұмқұлының елді азаттыққа, бірлікке шақырған отты жырлары туды. Батырлықты, елдікті, бірлікті өз шығармаларына арқау етті. Ақын өз халқының болашағына, қажымас қайратына, биік рухына үлкен сеніммен қарайды. Мысалы: «Түрікмен тағдыры» өлеңінде ойшыл ақын өз тағдырын халық тағдырымен бір тұтастықта алып жырлайды. Халық мұңы өз мұңы екенін, халық бақыты өз бақыты екенін, ел тағдыры, бірлік, ынтымақта деп жарыла, ақтарыла жырлап, «әлі оңынан тұрар желі түрікменнің» деп жақсылыққа сенеді.

Мысалы:

Әділ мекен, байтақ оның саясы.

Жайылады шөлінде нар, маясы.

Кеңі түсер жайларының аясы,

Қарық болар көлге шөлі түрікменнің...

Дос келетін болса достың қасына.

Тебіренеді топырағы, тасы да.

Жұрт жиналса бір дастарқан басына,

Бағы жанып тасар нұры түрікменнің, –

дейді. Өз халқының көкірегіндегі сөзін сөйлеу, арман-мұңын жырлау, болашағын дұрыс тани білуге көмектесу ақын өлеңдерінен анық байқалады.

Ақынның «Ақырзаман» деген өлеңінде тағы бір терең сырға кездесеміз, өмірдегі небір келеңсіз жайларды тауып айтқан, дөп басқан жерлерін оқи отырып, қалай жіті байқағанына риза боламыз. Ақын жүрегін қорқыныш сезім билейді. Ақырзаман келіп қалған жоқ па?..

Кімді де болса ойландырар, сан сұрақтың шешімін табуға ұмтылдырар парасатты ойға, ізгілікке жетелей түседі. Ақын жырының өміршеңдігі сондай, тіпті бүгінгі күндегі кейбір жағдайларды суреттеп отырғандай әсер қалдырады. Адамгершілік пен ел тағдырын ерекше қадірлеген ақынның халықшыл үні, даусы анық көрініп тұр. Сөз қолданысында салыстыру, тұспалдап сөйлеу басым.

Мысалы:

Төрағасы дөкірленіп барады,
Көзді жұмып, алады да параны.
Бет бақтырмай аппақ дейді қараны –
Ақырзаман қалмады ма жақындап?

Немесе:

Әкелер мәз жебір болып ұлы өссе,
Шешелер мәз, жеңіл болып қызы өссе,
Дүниені бүлдіріп жүр не сабаз –
Ақырзаман қалмады ма жақындап?

Әдеп кетті, ұят кетті жастардан,
Ойнап-күлу, оларда жоқ басқа арман.

Бұл сезімді, табылар ма қостар жан,
Ақырзаман қалмады ма жақындап?

Белшесінен күнәға ел батулы,
Үйренді олар бірін-бірі атуды.

Кәсіп қылды арақ-шарап сатуды –
Ақырзаман қалмады ма жақындап? –
дей келіп өзінің жігерін қайрай түседі:

Мақтымқұлы, мақсатыңды айқында,
Аузың барды бұның бәрін айтуға.

Дүние – еш, жүрек келді алқымға –
Ақырзаман қалмады ма жақындап?

Әр шумақтарында кесек-кесек түйін жатыр. Осылай тереңнен толғап, өзі көрген шындықтың бетін аша отырып, одан айығудың жолын іздестіруге үндейді.

Қорыта айтқанда, Түрікмен әдебиетінің XVIII ғасырда өмір сүрген атақты классик ақыны Мақтымқұлы Фраги көптеген өлеңдер қалдырған. Оларда ел қорғауға шақырған эпикалық сарын, лирикалық нәзік сезім, пәлсафалық насихат, ақыл-өсиет, өзіндік көркем жарасымды орын алған. Өз заманының шындығын жаңаша бейнелеуде ол өзінен кейінгі (XIX ғ.) лирик ақын Молланепес, Кеминелерге жарқын жол ашып берді. Бұлар – Мақтымқұлы мектебінен өткен ақындар. Түркменнің әйгілі ақыны Кеминенің: «Мақтымқұлы ақындық аймақтың астығын түгел орып кетті, біз содан қалған бірді-екілі масақты терушілер ғанамыз», – деген сөздерінен-ақ ақынға деген сүйіспеншілігін, оның талантына деген ерекше ілтипат ықыласты анық көруге болады. Мақтымқұлы түрікменнің ақындық тілін халықтың тіліне жақындата отырып, оны едәуір өзгертті. Мақтымқұлының ақындық шеберлігі түрікмен поэзиясында ең озық деп есептелінеді. Ол ақындардың кейінгі ұрпағына үлкен ықпал жасады. Ол өзінің ой-пікірлерінің жаңашылдығымен, ақындық өнерінің күшімен демократтық, ағартушылық әдебиеттің үздік өкілдерінің қатарын толықтыра түседі.

Бүгінде Мақтымқұлы өлеңдері көптеген басқа елдер тілдеріне аударылып, оқырманын табуда. Фраги өлеңдері қазақ жұртына Дүйсенбек Қанатбаев аудармасында жетті деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Келімбетов Н., Қанафин Ә. Түркі халықтар әдебиеті, А., 1996.

Жұмажанова Т. Мақтымқұлы Фраги туындыларының қазақ әдебиетінде алатын орны // Қазақ тілі мен әдебиеті, №9/2015, 5-10 бб.

Мырзахметұлы М. Абайтану. 1-кітап, Астана, 2010-554 б.

Оразалиев. Түбі бір түркі халықтары //«Түрік халықтар әдебиеті тарихының өзекті мәселелері: өткені, бүгінгі және ертеңі» атты ғылыми-теориялық конференция. – Тараз, «Сенім», 2015, 752 б.

Қанафин Ә. Түркі халықтар әдебиеті (әдебиет пәні мұғалімдеріне жетекші құрал) «Рауан», Алматы, 1993.

6. Тыныбаева Ө.К., Жұмажанова Т.Қ. Түркі тілдес халықтар әдебиетінің кейбір үлгілері. (Хрестоматия). Алматы, «Білім», 2007. 244-248 бб.

7. Медеубаева К.Т. Түркі тілдес халықтар әдебиеті. ЖББ мектептердің 10-11-сыныптарына арналған элективті курс бағдарламасы. Алматы, 2009.

8. [Мақтымқұлы Ф.](#) Таңдамалы [Текст] / ауд. Д. Қанатбаев. - Алматы: Білім, 2000.



ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ «КЕМЕЛ АДАМ» ТҰЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Ибраимова Л.Н.

п.ғ.к., доцент Тараз мемлекеттік педагогикалық институты
Қазақстан, Тараз қаласы
alua_87.87@mail.ru

Қазіргі кезеңде елімізде әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағытталған жаңа талаптарға лайықты білім беру жүйесі жүзеге асып келеді. Бұл оқу-тәрбие үдерісінің педагогикалық теориясы мен іс-тәжірибесін мәнді өзгерістермен халықаралық білім беру деңгейіне жетуді көздейді. ҚР-ның Президенті Н.Назарбаев білім саласына ерекше басымдылық беріп, жастардың білім-біліктілігін жетілдіру үшін барлық жағдай жасауда: «Қазақстан-2050» Стратегиясында: «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті - өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек...» деп, аталған бағыттардың табысты іске асырылуы ең алдымен, тек білімнің сапасымен анықталатыны белгіледі [1]. Ендеше, қазіргі таңдағы білім беру жүйесінің мақсаты - өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, қоғам мүддесіне үлес қосуда өзін-өзі белсенді етуге дайын, бәсекеге қабілетті, шығармашыл, кемел, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Демек, қоғамдық дамудың қазіргі үрдісі өзінің іс-әрекетін тиімді жоспарлай алатын, танымдық қызметінде алынған білімді орынды пайдалана білетін, түпкі нәтижеге жету үшін әр түрлі топтардағы адамдармен тиімді қарым-қатынас диалогіне түсе алатын рухани бай, адамгершілік мол, қайырымды, білімді, кемел адам тұлғасын тәрбелеу мәселесі қойып отыр. Кемел адам тұлғасын қалыптастыру бұл өте өзекті мәселе. Оның тұлғалық қасиетінің дамуы мен қалыптасуы мектепте оқыту мен тәрбиелеудің басты мақсаты болуы керек. Бұл жөнінде ежелден – ақ ұлы ойшылдарымыз Әл – Фараби, Ж. Баласағұн, М.Қашқари, Қ.А. Иассауи еңбектерінен байқауға болады. Ізгілік, қайырымдылық, мейірімділік, әділдік, шыншылдық, кішіпейілділік, имандылық, т.б. қарапайым адамгершілік құндылықтар болмаса, олардың орнын ешқандай терең білім толтыра алмайтынын өмірдің өзі дәлелдеуде. Жас ұрпаққа ғылыми білім берумен шектелу аз, оларды адамгершілік, рухани жағынан нағыз кемел адам етіп қалыптастыру қажеттігін қазақ ағартушылары Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, С.Торайғыров, Ш.Құдайбердиев, С.Көбеев, М.Дулатов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаева және т.б. секілді ғалымдардың еңбектерінде кең тоқталған. Ертеректе, нақтырақ «кемел адам» мынадай антықтама берілген: Кемел адам - (араб. “инсан-и камил” – толық адам) – ақыл-ойы толысқан кісі. Діни ілімде кемел адам – кісілікке жат қылықтардан әбден арылып тазарған, ішкі жан-дүниесі ағарып, рухани қасиеті артқан, мүлтіксіздіктің қалыбы мен негізіне мейлінше жақындаған асыл адам. Кемел адамның әрбір іс-әрекеті Алла тағалаға арналады. Ол – адасқандар үшін темірқазықтай жол көрсетуші, жолда қалғандар үшін – көпір, үміті үзілгендер үшін – ашылар есік. Әр кезеңдегі ойшылдар адам атының сақталып қалуы үшін толыққанды немесе кемел адам болудың жолдарын іздестірген және өздерінше әр қилы пікірлер білдірген. Бірі сол адамға лайықты дұрыс жол бар екеніне сенсе, енді бірі адам бойындағы қаншама сұмдықтарды көріп қорықты [2]. Кемел адам ұғымы қазақ әдебиетінде ұлы ақындар мен Абайдан бастап сөз болып келеді. Бұл

ұғымның арғы төркіні Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны мен сопылық сарындағы туындылардан тамыр тартады. Сопылық сарындағы поэзияда Кемел адам ұғымы екі таным тұрғысынан бір-біріне тығыз байланыста жырланады. Бұл құбылыс, әсіресе, «Құдатғу білік» дастанында өзінің айқын белгісін аңғартып, ондағы Күнтуды (Әділет), Айтолды (Дәулет), Огдүлміш (Ақыл) үшеуі, яғни Әділет, Дәулет, Ақыл осы өмірге қызмет етуге ұмтылған кемел адам бейнесінде жырланады.

Қазақ даласында тұңғыш рет мектеп ашып, болашаққа оқу-білім сәулесін таратқан халқымыздың ағартушы-педагогы, балалар әдебиетінің атасы – Ы.Алтынсариннің тәрбие саласындағы мұраларын жас ұрпаққа үлгі ету, тәрбие жұмысында пайдалану - баршамыздың парызымыз. Ол өз еңбектерінде кемел адам тұлғасын қалыптастыру жайлы өз етеді. Оның әңгімелерінің жастарға тәлім-тәрбие беруде маңызы өте зор. Ол жастарды әдептілікке, сабырлыққа («Алтын шеттеуік»), қанағатшылдыққа («Қанағат»), мейірімділікке («Шеше мен бала»), ұқыптылыққа («Бір уыс мақта»), әділдікке («Әділдік»), еңбексүйгіштікке («Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш»), т.б. өнегелі істерге үгіттейді [3]. Кемел адам туралы ой Қазақтың ұлы ағартушысы Абай шығармаларында толық адам, жарым адам, камили инсани, толық сөздер арқылы жүйелі түрде жауәнмәрттілік (көне түрік тілінде zomard – жомарт) ілімі негізінде таратылып отырады. Абайдың адамгершілік негіздері туралы ой-пікірлері жауәнмәрттіліктегі ақыл, әділет, рахым жайлы ізгілік ұғымдармен сабақтасып жатады. Кемел адам сипатына тән нәрсе – нұрлы ақыл, жарым адам сипатына – суық ақыл сай келеді. Нұрлы ақыл әділетсіз іске аяқ баса алмайды. Суық ақыл әділетті белден басып, ардан түсіп, өз пайдасы үшін зиянды іске көз жұмып бара береді. Абайдың «Он жетінші» қара сөзінде өзінің логикалық жалғасын тапқан сияқты. Абайдың осы сөзінде «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» үшеуі әрқайсысы өзін мықты санап, айтысып, таласып, ақыры «ғылымға» келіп жүгінеді. Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдап болып, айтыпты: – Сен үшеуіңнің басынды қоспақ – менің ісім, – депті. Бірақ билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді: жақсылық айтқанына жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқанына ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады. Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшінді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басынды қос, бәрін жүрекке билет, – депті. Осы үшеуің бір кісідей менің айтқанымдай табыссаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам сол. Үшеуің ала болсаң, мен «Жүректі» жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды» – деген қорытындыға келеді. Бір қызығы «он жетінші» қара сөз бен «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңіндегі ақыл, қайрат, әділет, шафқат (жүрек) секілді басты ұғымдардың барлығы да Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігіндегі» (1039 ж.) «жауанмәрттілік» (ақыл) деп аталатын төрт түрлі кейіпкерге балама ретінде суреттелетінін байқауға болады [4]. Қазақ ағартушыларының бірі Абайды шығармаларында кемел адам сипатына тән нәрсе – нұрлы ақыл, жарым адам сипатына – суық ақыл сай келеді. Нұрлы ақыл әділетсіз іске аяқ баса алмайды. Суық ақыл әділетті белден басып, ардан түсіп, өз пайдасы үшін зиянды іске көз жұмып бара береді – деп қарастырылған. «Қараңғы қазақ елінің көгіне өрмелеп шығып күн болуды» аңсаған әрі ақын, әрі ағартушы-педагог С.Торайғыров адамның әділ, адал кемел адам болуы тәрбиеге байланысты, өмірдің өзгертуші, адам мінезін қалыптастырушы ұлы күш саналы тәрбиеде деп түйіндейді. XX ғасырдың алғашқы ширегінде ғұмыр кешіп, тәлім-тәрбие саласында ойлы пікірлер айтқан зиялылардың бірі – Ғұмар Қарашев. Оның адамгершілік, ел бірлігі туралы толғаныстары өз алдына бір төбе. Ғ.Қарашевтің пікірінше, жақсылық екі түрге бөлінеді: «Мұның бірі – заттық, екіншісі – моральдық, имандылық». Заттық жақсылық мұқтаж адамдарға мал беру, ішкізіп-жегізу, киіндіру... Моральдық жақсылық - әр адамның мұқтаж болған уақытында ғылым мен ағарту және тәрбиелеуге қажетті өтеу... Автор жақсылықтың қай түрін болса да қоғам өмірінен бөлек қарамайды. С.Көбеевтің 1912 жылы жарық көрген «Үлгілі бала» атты басылымында қазақтың бай ауыз әдебиетінен сұрыпталып алынған материалдар ерекше назар аудартады. Бұл жөнінде автор: «Хрестоматияны

кұрастырғанда негізгі ойлаған мақсатым, көздеген нысанам – жас ұрпақты өнер-білімген, әділеттілікке, адамгершілікке үйрету еді», - деп жазады [5]. Философ, шежіреші, өз бетімен ғылым-білім биігіне жоғары көтерілген ғұлама Ш.Құдайбердиевтің жастарға ұсынған адамгершілік жолы – адамдық пен ғылымды меңгеру. Осы екі жол кісіні қиындықтан құтқарады, надандықтан арылтады, адамгершілік қасиеттерге баулиды. Адалдық пен адамдықты борышым деп сана, дүниедегі не сұмдықтың бәрі араны ашылған қу нәпсіден, тойымсыздықтан туады деген терең тұжырым жасайды. Қазақ ағартушыларының қай шығармаларын алып қарасақ та барлығы жастарды нағыз кемел толық адам болуға тәрбиелейді. Қазақ ағартушыларының шығармаларының тәрбиелік мәні шексіз де, шетсіз терең дүние. Оны тұтастай алғанда жас ұрпақ үшін ғана емес, адам өмірінің барлық кезеңдері үшін мәнді, азаматтық тұлғаның рухани қуатының қайнар көзі іспеттес.

Кемел адам тұлғасы қалыптастыруда адам бойында мынадай қасиеттердің:

- қайырымдылыққа,
- кішіпейілдікке,
- ізеттілікке,
- мейірімділікке,
- имандылыққа,
- парасаттылыққа,
- рақымдылыққа,
- жолдастыққа,
- адалдыққа,
- қанағатшылдыққа,
- шыншылдыққа,
- әділеттілікке,
- патриоттыққа,
- ұқыптылыққа,
- жауапкершілікке,
- ынтымақастыққа,
- өзара сыйластыққа,
- еңбексүйгіштікке т.б. үлкен рөл атқаратындығын ерекше көрсетеді.

Халықтың өзімен бірге жасасып, өмір сынынан екшеленіп өткен, ата-бабадан мирас болған шығармалар арқылы болашақ ұрпақтың кемел тұлғасын қалыптастыра аламыз.

Жоғарыда көрсетілген пікірлерді қортындылай келе біздің ойымызша кемел адам :

- өзіндік баға беруге қабілетті;
- өзіндік танымға ие;
- өзінше пікір жүргізу мен топшылауға қабілетті;
- өзіндік реттеуге бейім;
- өзіндік дамуға ұқыпты;
- өзінің бар мүмкіндіктерін іске асыруға ұмтылатын;
- өз шешімі мен табандылығына ие, жауапкершілік пен белсенділікті бойына дарытқан тұлға деп тұжырымдаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Егемен Қазақстан, 14 желтоқсан, 2012.№ 106 (28143) -6-7 б.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Т.5. Алматы, 1980.
3. Құнанбаев А. Қара сөздері.- Алматы, 1993.
4. Төлеубекова Р. Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогика.- Алматы, 1994.
5. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика Алматы, 2002.

4th International Congress On Social Sciences, China To Adriatic

info@iksad.org www.iksad.org | March 12-14, 2017
www.iksadkongre.org Gaziantep / TURKEY

*Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology,
Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines*

ICSSCA-IV



ҚАЗАҚ МЕКТЕБІНІҢ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІ

Қоңырбаева Сараш

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің қауымд. профессоры, п.ғ.к.,
Алматы, Қазақстан pedsheberlik@mail.ru

Айтжанова Роза

Е.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің доценті, п.ғ.к.,
Қарағанды, Қазақстан rozaaitzhanova@mail.ru

Ералиева Толқын

Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы Қазақстан тарихы және әлеуметтік
ғылымдар кафедрасының аға оқытушысы Алматы, Қазақстан eralieva.tolkin@mail.ru

Бұл күнде дамудың алдыңғы қатарында боламыз деп айта беретін межемізді айқындайтын жаһандану процесінің өзіндік қатерлері бар екендігі жасырын емес. Соның бастысы – ұлтты жоғалтпау. Жер бетіндегі адамзат баласының өз туыстығына, мекен етуіне, бірлесіп шаруашылық, еңбек етулеріне сай топ-топ, қауым-қауым болып өмір сүріп, замананың тарихи даму кезеңдерінен соң, тілі, өмір салты, сенімі, қорғанатын жаулары ортақ ұлттар мен ұлыстарға, рулар мен аталастарға бөлінгендігін қисынды түсінікке сай қабылдаймыз. Адамзатқа түскен кітаптарда да бұл жөнінде пікірлер бар. «Әй, Адам баласы! Күмәнсіз сендерді бір ер, бір әйел ретінде жараттық, сондай-ақ бір-бірінді тануларың үшін сендерді ұлттар, ұлыстар қылдық». Түрлі діндердің ғасырлар бойы жинаған мол жасампаздық тәжірибесін пайдаланып, Құран сөзін бітімгершілік пен келісімнің пәрменді құралы ретінде пайдалануымыз керек.

ҰЛТ – бабалар тарихынан үзілместей тек тартқан, рухани үндестігі бар, кескін-кейпі мен әдет-дағдыларына дейінгі ұқсастығы саналы қалыптасқан, мәдениеті мен тілі, өсіп-өркендер нақты мекені бар адамдардың қауымдастығы.

«Тіршілік тезіне төтеп бере алмай жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама. Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуіміз керек. Ол сабақтың түйіні біреу ғана, ол - МӘҢГІЛІК ЕЛ», - деді Елбасы.

Осы жолдауда атап көрсетілген ұлттық идея біздің ұлттық идеологиямызға негіз болуы тиіс. Бұрын ұлтқа қатысты орындалмай жатқан мәселелердің бәрін ұлттық идеяның жоқтығынан деп ойлаушы едік. Енді халқымыз үшін, ұрпағымыз үшін, болашағымыз үшін жалтақтайтын мәселеге негіз болардай «Мәңгілік ел» идеясын тірек етеміз.

Демек, ұлттық тәрбиеде басшылыққа алардай қандай мемлекеттік құжаттар бар?

“Интеллектуалды ұлт – 2020” ұлттық бағдарламасы

«Мәңгілік ел» – ұлттық идеясы

«Ұлы дала елі» – балама атау идеясы

Қазіргі кезеңде әлемнің әр түкпірінде өткір қойыла бастаған ең өзекті жайдың бірі – осы ұлттық тәрбие мәселесі болып отыр. Ол жайдан-жай емес, әрине. Ұлттық тәрбиенің ең маңызды тұсы – адамды ойлануға, жауапкершілік алуға үйретуі. Себебі, әрбір жеке адам, ең алдымен, өзінің белгілі бір ұлттың мүшесі екенін іштей терең сезініп, санада сілкініс жасауы керек екенін, содан кейін барып, жалпыадамзаттық қоғамға лайық орнын белгілеу қажеттігін

сіңіруі болса керек. Бұл жерде негізгі әңгіме арқауы мемлекетшілдік, ұлттық сана, ұлттық ұстаным, ұлттық мүдде туралы болып отыр. Өйткені, біздің төлтума бітімімізді, қайталанбас ұлттық болмысымызды, ұлттық ойлау машығымызды, қала берді ұлттық кейпімізді сақтап қалу бәрінен маңызды.

Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Қазақ елінің әлемдік кеңістікте өз жолын таңдауы – әрбір қазақтың емін-еркін өмір сүруінің кепілі. Ол сөзсіз ұрпақтар қамы деген ұғыммен үндеседі.

Халық педагогикасы, қазақ этнопедагогика ұлттық тәрбиесі тақырыбы аясында көптеген ғылыми еңбектер қорғалып, монографиялар мен оқулық-оқу құралдары шықты. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Ә.Табылдыев, С.А.Ұзақбаева, К.Ж.Қожахметова, Қ.Бөлеев, С.Ғаббасов, Р.Дүйсембінова, т.б. ғалымдарды атап айтуымызға болады.

Ұлттық тәрбиеге негіз болатын – ұлттық құндылықтар. Бұл жөнінде дала ойшылдарынан бастап, би-шешен, жырауларымыз, ақын-жазушыларымыз да тәрбие мектебіне дидактикалық материал болатын идеяларын шығармаларында айтып отырды. Мұқағали Мақатаевтың «Үш бақытым», Мұхтар Шахановтың «Төрт ана», Мұхтар Арынның «Бес анық» сияқты дамыта келіп, жасалған ғылыми тұжырым.

1. Ұлттың басты құндылықтары – жері, халқы, тілі, тарихы.
2. Ұлттық нышандары – Ту, Герб, Гимн.
3. Ұлттық мәдениеті – өнер түрлері, салт-дәстүрі, ерекшеліктері және т.б.
4. Дала ойшылдары мен қазақ зиялыларының өнегелі іс-әрекеттері мен сөздері, т.б.


жатады.

1-кесте. Ұлттық құндылықтар жүйесі.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР	ТІЛ	Қарым-қатынас, байланыс, дискурс, т.б.
	ДІН	Сенім, наным, құран, хадис, шарифат, неке, ахлақ, фиһқ, ақида, сиар, т.б.
	ДҮЛ	Тұрмыс, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тыйым, т.б.
	ТАРИХ	Отанға қатысты: оқиғалар, көтерілістер, төңкерістер, замана ағымымен даму, т.б.
	ҚҰҚЫҚ	Заң, ереже, жарғы, мұрагерлік, мирасқорлық, т.б.
	ӨНЕР	Сөз өнері, саз өнері, қол өнері, сәулет өнері, бейнелеу, кескін, т.б.
	АҒАРТУ	Тәрбие, әлеуметтендіру, білім, ғылым.

Тәрбие жұмысы — бұл жеке тұлғаның неғұрлым толық дамуына бағытталған ересектер мен балалардың тіршілік әрекетін ұйымдастыруға бағытталған мақсатты іс-әрекет.

Мектептің тәрбие жұмысын жүйе ретінде өзара байланысқан блоктар түрінде көрсеткенде, төмендегіше көрініс береді (1-сурет):



1-сурет. Мектептің тәрбие жұмысының құрылымы

Қазақ мектептеріндегі тәрбие жұмысы, аты айтып тұрғандай өзіндік ұлттық ерекшелігімен, жаңашылдығымен айшықталуы керек. Яғни, қазақ мектебіндегі оқу-тәрбие үдерісіндегі жаңашылдық:

- білім беру мазмұнындағы ұлттық құндылық;
- оқу-тәрбие үдерісінде; әдістерінде; технологиясында; оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда; шағын жинақты мектептің басқару жүйесінде көрініс табуы керек.
- Оқытудың сабақтан тыс шығармашылық түрі арқылы: пән апталығы, түрлі байқаулар, зияткерлік олимпиадалар, турнирлер, марафондар. экскурсия және т. б.
- Клубтық және үйірмелік іс-әрекеттер арқылы: ұлттық сана қалыптастыру орталықтары, ұлттық драмалық-музыка үйірмелері, ұлттық дүниетаным қалыптастыратын үйірмелер;
- Кітапханаларға, мұражай, театрларға, көрмелерге жүйелі және үзбей бару арқылы жүзеге асады.

1. Сынып ішінде жүргізілетін тәрбие жұмыстары.
2. Сыныптан тыс уақытта жүргізілетін тәрбие жұмыстары: а) клуб, үйірмелерде жүргізілетін тәрбие жұмыстары; ә) сынып аралық тәрбие жұмысы болып екіге бөлінеді.
3. Қоршаған ортаға ізгілік қарым-қатынасын және жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.
4. Жеке тұлғаның бойындағы адамгершілік негіздерді қалыптастыруда адамгершілік сезім, адамгершілік сана, ерік, ойлау қабілетін жетілдіру болып табылады.
5. Жеке тұлғаның ішкі қажеттілігі бойынша өзін-өзі жетілдіруді қалыптастыру.

Сыныптың тәрбие жүйесі

Сыныптың тәрбие жүйесі – бұл сыныптағы оқушылардың әрекеті мен дамуына жағымды, қолайлы жағдай қалыптастыратын, ықпал ететін өзара қарым-қатынастар мен тәсілдердің кешені.

Тәрбие жүйесі не үшін қажет?

Тәрбие жүйесін қолдану тәрбие үдерісінің мақсатқа сәйкес, басқарылатын, нәтижелі, тиімді болып қалыптасуына әсерін тигізеді. Тәрбие үдерісінің рөлі білім беру жүйесі үшін өте маңызды.



2-сурет. Тәрбие жүйесінің кешенділігі

Тәрбие жүйесін құруда ескерілетін жайттар:

- оқушылардың қызығушылығы, қабілеті, қажеттілігі ;
- педагогикалық ұжымның мүмкіндігі (мектеп қандай әрекет түрлерін ұйымдастыра алады), шығармашылық әлеуеті (потенциалы);
- кез-келген ата-ананың білім мен тәрбиенің нәтижесіне мүдделілігі болуы.

Тәрбиенің негізгі педагогикалық ұстанымдары:

1. Сынып ұжымының жалпы тіршілік әрекетін қамтамасыз ететін міндеттерді шешуде сынып жетекші мен оқушылардың біріккен серіктестігі.
2. Тұлғаның жеке-дара маңызды қасиеттерін тәрбиелеу: патриотизм, ұлтжандылық, жауапкершілік, қарым-қатынас мәдениеті, адамгершілік .
3. Рухани, жан-тәнімен жұмыс істеу, адамгершілікті қалыпты жағдай ретінде қабылдау .
4. Оқушыларды мәңгілік басым (жалпыадамзаттық) құндылықтарға бағыттау. Олар: Отан, отбасы, адам, білім, еңбек, мәдениет, бейбітшілік, табиғат, адамгершілік, ақиқат, сұлулық т.б.

Ұлттық тәрбие жүйесінің негізгі қағидалары:

- әр балаға көңіл бөлу;
- ұлттың, қоғамның қажетіне сай басымдылықтарды пайдалану;
- көпшілік қатыса алатын қоғамдық тәрбиені орнату;
- ұлттық тәрбие беретін тәрбие субъектілерін тарту;
- ата-аналардың ұлттық тәрбие үйренетін университетін ұйымдастыру;
- ұлттық мәдени орталықтарын, этноауыл құру;
- ана тілде сөйлеу, салт-дәстүрді сақтау, имандылық тәрбиесіне көңіл бөлу, т.б.

Тәрбие жүйесінің аса маңызды, айқындалған 5 компоненті:



3-сурет. Тәрбие жүйесінің маңызды компоненттері

1. жеке дара-топтық; (жеке ерекшелігі, ата-тегі, шежіресі, әулеті, ауылы, т.б.)


2. құндылық-бағдарлы (ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие бағдарламалары, ата мектебі, әже мектебі, әкелер мектебі, клубтар, ұлттық өнерге арналған үйірмелер, ұлттық спорт секциялары, ата кәсіпке қатысты)

3. атқарымдық-әрекеттік: жеке оқушы, сынып, мектеп ұжымы мен отбасы, әлеуметтік орта, аулалық клуб, елді мекен әкімшілігі

4. кеңістіктік-уақытты (білім беру кеңістігіндегі тәрбиенің кезеңдермен даму мүмкіндігі, әр оқушының тәрбиелік мүмкіндігі мен топтың, сыныптың, ұжым тәрбие жұмыстарының жүйелі және уақытқа бағынуы, жоспарлау: перспективалық, стратегиялық, т.б.)

5. диагностикалық-нәтижелілік (Ұлттық тәрбие беру жүйесінің нәтижелік көрсеткіштері; нәтижесін анықтаудың әдісі мен тәсілдері)

Тәрбие жүйесінің қалыптасып, дамуында келесі 4 кезеңді атауға болады:



4-сурет. Тәрбие жүйесінің даму кезеңдері

1-кезең – **жүйені жобалау** (бұл кезеңде сынып оқушыларының қызығушылығын, қабілетін, мінез-құлқын, т.б ерекшеліктерін зерттеу жұмысы атқарылады);

2 кезең – **жүйенің қалыптасуы** (бұл кезеңде оқушылардың өзара қарым-қатынастарының қалыптасып, ұжымдық бірлікті сезінуіне бағытталған бірлескен әрекеттерге ерекші мән беріледі, сыныптың жеке дәстүрлері қалыптасады.);

3 кезең – **жүйенің тұрақты жұмыс істеуі** (өзіндік бастаманы, өз бетімен әрекет етуді дамыту, қабілеттерінің дамуына қолайлы орта қалыптастырылады);

4 кезең – **жүйе жұмысын аяқтау немесе қайта жаңарту** (бұл жерде екі бағыт болуы мүмкін: бірі сыныптағы ең үздік әрекеттің, әдістің барлық мектептің игілігіне айналуы; екіншісі – жаңа әдіс, әрекет, тәсілдерді табу арқылы сынып тіршілік-әрекетін жаңарту).

Тәрбие мақсаты: Жан-жақты үйлесімді дамыған, әлеуметтік бағытталған, дұрыс шешім қабылдай алатын тұлғаны (ұлт субъектісін) тәрбиелеу

Өртүрлі жастағы мектеп оқушылары үшін басты әлеуметтік құзыреттілік негізіндегі тәрбие мақсаттары төмендегі кесте бойынша ұрастырылған.

2-кесте. Оқушылардың әлеуметтік құзыреттіліктері

Әлеуметтік құзыреттіліктер	1-4 сынып	5-7 сынып	8-9 сынып	10-11 сынып
Танымдық	Қызығушылық, құмарлықты дамыту	Танымдық қызығушылық, ықыласын дамыту	Танымдық белсенділікті дамыту	Танымдық белсенділікті қалыптастыру

Қоғамдық	Мектеп пен отбасына сыйластықты дамыту	Адамдарға сыйластықты, кадрлеуді дамыту	Қоғам мен билікке құрметті дамыту	Азаматтық ұстанымын қалыптастыру
Еңбек	Еңбекке қызығушылық дамыту	Еңбексүйгіштік дамыту	Еңбекке қажеттілікті дамыту	Кәсіби өз орнын табуға дайын болу қабілетін қалыптастыру
Экологиялық	Табиғатқа ұқыпты қарауды дамыту	Экологиялық сауаттылықты дамыту	Экологиялық мәдениеттілікті дамыту	Табиғи қажеттілікті, мұқтаждықты шешуді қалыптастыру
Көркемдік	Сұлулық сезімін дамыту, баулу	Көркемдік талғамды дамыту	Көркемдік мәдениеттілікті дамыту	Ақиқатқа, болмысқа көркемдік қарым-қатынасты қалыптастыру
Жеке-дара	«Мен - адаммын» ұғымын дамыту	«Мен - тұлғамын» ұғымын дамыту	Өзін-өзі және өзара сыйластықты дамыту	Жеке дара және дүниеге көзқарасын қалыптастыру арқылы өз болмысын анықтау және өзін-өзі тәрбиелеу.

Мектептің тәрбие жүйесі мемлекеттік тәрбие бағдарламалары мен басты құжаттарын негізге ала отырып жасалған арнайы тәрбие тұжырымдамасымен жүзеге асады да білім беру мекемесіне қатысты, ықпалды арнайы ұйымдар мен ұжымдар, жекелеген бастамашыл топтар жұмылдырылады. Демек, жүйешелердің негізінде жүйе құралып, белгілі мақсатта құрылым бойынша жұмыс жасайды.

3-кесте. Ұлттық тәрбие жүйесінің маңызды құрамы:

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІ		
(Ақсақалдар алқасы)		
ӘКІМШІЛІК	МЕКТЕП ҰЖЫМЫ	Б А Қ
Қоғамдық тәрбие	Арнайы тәрбие	Әлемдік тәрбие
Отбасы тәрбиесі	Мектептің тәрбие жүйесі	Телеарналар
Ата педагогикасы	Сыныптағы тәрбие жүйесі	Газет-журналдар
Әже педагогикасы	Ұжымдық	Ғаламтор
Әке тәрбиесі	Топтық	Әлеуметтік желілер
Ана тәрбиесі	ұжымдық	Ұялы телефон қосымшалары
Кішіге үлкен тәрбиесі		Еркіндік тәрбиесі

Ұлттық тәрбие жүйесін тиімді жүзеге асыру шарттары:

- Тәрбие тұжырымдамасы мен тәрбие бағдарламаларының аясында мектептің мүмкіндігіне сай тәрбие жұмыстарын жүргізетін өзара байланысты жүйе құру;
- Ұлттық құндылықтарға негізделген авторлық бағдарламаларды тәрбие жұмыстарында басшылыққа алу.
- Ұлттық тәрбие беру мүмкіндігі бар тәрбие субъектілерін мектепке (кеңесшілікке, ақылдастар алқасына, клуб, мектеп, секция, үйірме жүргізуге) тарту;
- Отбасында ұлттық тәрбие берілуі үшін ата-аналар университеттері арқылы білім беруді ұйымдастыру;

- Жергілікті жердің ұрпақ тәрбиесіне ықпал етер мүмкіндігін ескере отырып, тәрбие жұмыстарын (еңбек жұмыстарына көмектестіру, экскурсия ұйымдастыру, кен орындарымен байланыс, ата кәсіпті насихаттау) жоспарлау;
- Әрекет пен шаралардың жүйелілігі үшін барлық мүмкіндіктерді ескеру;
- Жеке оқушының қабілеті мен тұлғалық ерекшеліктерін мақсатты, жүйелі, үздіксіз дамыту;
- Тәрбиелік шараларды: ұлттық және мемлекеттік мерекелер, жергілікті кәсіби меркелерді тойлаудың дәстүрлілігін сақтау;
- Жоспарлау, қолданылатын әдіс-тәсілдерінің әртүрлілігі, өткізу, насихаттау, нәтижесін бақылау мен бағалау, салыстыру.



КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ДУАЛЬДІ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Сманова А.А.

Абай атындағы ҚазҰПУ Алматы қаласы Қазақстан alua_87.87@mail.ru

Қазіргі таңда әлемдік өркениетте білім мен ғылымды инновациялау мен модернизациялау экономикалық дамудың басты бағытына айналды. Осыған орай, елімізде кәсіптік-техникалық білім беру саласына, әлемді тәжірибиеде зор жетістікке жетіп отырған жаңашыл *дуальді оқыту* жүйесі енгізілді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты Қазақстан халқына үндеуінде: «Біздің жастар елеспен өмір сүрмеуге тиіс. Оларға Қазақстаннан тыс жерде жұмақ жоқ. Жастарымыз туған Қазақстанда еңбек етіп, өз әлеуеттерін жүзеге асырулары қажет: тұтастай білім беру жүйесін жаңғырту; оқу-тәрбие үдерісін бүгінгі күн талаптарына сай оңтайландыру; дуальді кәсіби білім беруді дамыту мәселелерін кешенді түрде шешу міндеттері жүзеге асырылуы тиіс» деп дуальді оқыту жүйесінің маңыздылығын көрсетті.[1]. Демек, дуальді оқыту маңыздылығы – еңбек қоғамында бәсекеге қабілетті, кәсіби құзыретті, өзі ісін жетік білетін кәсіби маман даярлау. Дуальді оқыту өз мәнінде, білім беру мекемесі мен өндірісте қатар білім алуды білдіреді. Білім беру теория мен тәжірибенің өзара байланыс қағидасына негізделеді. Яғни, дуальді оқыту – маман даярлауда бизнестің, білім алушының және мемлекеттің мүдделерін біріктіруге бағытталған кәсіби білім берудің әлемдегі тиімді жүйесі. Қазірде бұл жүйе 60 елде жұмыс істеп, өз нәтижесін беруде. Оған дәлел осы жүйе бойынша маман дайындауға ден қойған Алманияның Рейнланд-Пфальц аймағында жұмыссыздық деңгейі бар болғаны 3%-ды құрап отыр. Ал, Германияда бұл көрсеткіш 7,8%-дың деңгейін көрсеткен. Бүгінде Германиядағы 25 жасқа дейінгі жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 7%- болса, бұл көрсеткіш Грекияда 45, Испанияда 43, Францияда 30, Италияда 28%-ды құрайды. Осы елдермен қатар, дамыған Ұлыбритания, АҚШ, Оңтүстік Корея, Қытай елдерінде дуальді оқыту жүйесі сәтті жүзеге асып келеді. Дуальді оқытуда білім алушылар уақытының үштен екі бөлігінде еңбек ете жүріп, өндірістен қол үзбей оқиды, тек уақытының үшінші бөлігін теориялық оқуға, білімді ұйымдастыруға арнайды. Яғни, теорияны өндіріспен ұштастыра оқыту жүйесін қалыптастырады. «Дуализм», «дуалды», «дуалдылық», «дуалисті» терминдері бір абстрактілі жалпы әдіснамалық ұғымды білдіреді (лат. тілінен dualis- сыңар жақты) және білімнің әртүрлі салаларында кеңінен қолданылады. Философиялық категория ретінде онтологиялық аспектке дуализм мазмұндық жағынан мынадай түсінікті білдіреді, яғни материалдық және рухани субстанции (материямен рух, материалды және идеалды) тең құқылы болып табылады. «Дуализм» терминін осы мағынада XVIII ғасырда неміс философы Х. Вольфом енгізген, дегенмен бұл философиялық ілімнің негізін қалаушысы әрі ірі өкілі Декарт – «жаңа философия» мен жаңа ғылымның көшбасшысы болды [2]. Педагогика саласында «дуальді жүйе» түсінігі алғаш рет ФРГ 1960 жж. ортасында кәсіптік оқытуды ұйымдастырудың жаңа формасының атауы ретінде қолданылды. Халықтық педагогикада еңбек тәрбиесімен егіз ұштасқан кәсіп игеру, өз ісінің шебері атану үшін ерте жастан ұстазға, шеберге үйренуге балаларын беріп оқыту дәстүрі болған. Өмірге қажетті кәсіп түрлеріне орай ер балалар мен қыз балаларға еңбек тәрбиесіне баули отырып, кәсіп үйреткен. Бұл жүйе кейін бірқатар неміс тілді мемлекеттерде кеңінен

таралды (Австрия, Швейцария) [3]. Бұл жүйе екі түрлі оқу-өндірістік ортадан тұрады: жеке меншік кәсіпорын мен мемлекеттік кәсіптік мектеп. Олар ортақ мақсат аясында – оқушыларды кәсіпке баулуға өзара бірлесіп әрекет етеді.

Кәсіпорынның оқу-өндірістік ортасы мыналарды қамтиды:

Білімалушыларға арналған жұмыс орны жартылай еңбек ақы төленуі;

Оқу шеберханасы немесе лабораториясы;

Өндіріс-ішілік оқыту;

Кәсіптік мектептің оқу-өндірістік ортасы мыналарды қамтиды:

Оқу сыныбы;


Шеберхана немесе лаборатория[4].

Сондықтанда дуальді жүйе негізінде оқыту білім алушылардың кәсіби біліктері мен дағдыларын, іскерліктерін тікелей жұмыс орнында меңгеріп, жан-жақты кәсіби дамуына мүмкіндік беріп, түрлі жүйелердің-білім, ғылым, өндірістің-өзара байланысы мен әсерін, енгізілу тәжірибесін қамтамасыз ету арқылы кәсіптік білім беру жүйесінің сапасын арттырады.

Дуальді оқыту үдерісі барысында білімалушылар тікелей шынайы еңбек ортасына барады, оларға кәсіпорын тарапынан берілген еңбек операцияларын орындауы барысында көзқарастары, еңбекке деген құлшыныстары, кәсібіне деген қызығушылықтары арта түседі. Әрине іс-тәжірибе барысында осы үдеріске де қатысады, алайда теориялық білімі мен іс-тәжірибелік машық, дағдыларын қатар игерудің тиімділігі жоғары екендігін көрсетіп отыр[5].

Демек, білім алушылар теория мен тәжірибені ұштастыру арқылы қазіргі заманғы талаптарға сай техника мен технологияларды меңгеріп, танымдық белсенділіктері артып, кәсіптік іскерлігі мен дағдылары қалыптасады. Тәжірибе барысында әрбір білім алушы психологиялық жағынан ортаға бейімделіп, жұмысқа деген жауапкершілігі артып, ұжыммен араласа алады. Сонымен қатар, жұмыс жағдайын кездесетін жағдаяттардың шешімін тауып, өзін болашақ маман ретінде сезінеді. Білім алушыларға тәжірибеден өту барысында өзі білім деңгейін көрсету арқылы сол жерде жұмысқа орналасуға мол мүмкіндік туады.

Оқу үдерісінде дуальді жүйе бойынша жұмыс жасауда «білім беру мекемесі –кәсіпорын–студент» атты 3-жақты шарт жасалады, ол жерде оқу үдерісі кестесі (колледждегі теория сабақтары, практикалық сабақтар, кәсіпорында практикадан өту), нақты әр студентке кәсіпорыннан тәлімгер мамандар (инженерлер) бекітіледі, оқу мерзімі, оқу ақылары және т. б. көрсетіледі. Дуальді оқыту жүйесінің құрылымы мынадай схема арқылы жүзеге асырылады.



Демек, кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытуды енгізудің ерекшелігі:

- ❖ Біріншіден, бітіруші түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары болады, себебі оқу барысында өндіріспен тығыз байланыста болған оқушы жұмыс берушінің барлық талаптарын игеріп, меңгерген жұмысшы маман болады.
- ❖ Екіншіден, жақсы, білімді, болашақ жұмысшы маман психологиялық жағынан жаңа ортаға бейімделген дайын маман болып шығады. Өндірісте өздігінен шешім қабылдай алады. Теория мен тәжірибені меңгеріп, бекітілген жұмысқа деген жауапкершілік сезімі жоғарылайды. Өндірісте болғандықтан ұжыммен жұмыс жүргізеді және өндірістегі жұмыстарға бейімделеді.
- ❖ Үшіншіден, «тәжірибеден теорияға» принципімен жұмыс жүреді, оқушы теориялық, яғни текстпен айтудан гөрі, өндірістегі жағдаяттарға сәйкес жұмыс жүргізеді.
- ❖ Төртіншіден, жұмыс берушінің оқушыға берген бағасы дайындалған маманның біліктілігімен байқалады. Алғашқы күннен бастап, ұзақ өндірісте жұмысшы болған оқушы, өзінің білім мен ынтасын көрсетеді.
- ❖ Бесіншіден, оқытушы тек қана теорияны ғана меңгермей, өндірістегі соңғы жаңалықтарды біліп, заманауи талаптарды меңгереді.
- ❖ Алтыншы, бюджеттік шығын азаяды, себебі оқуға кеткен шығынның біраз бөлігі өндірісте болғандықтан оқушы күнделікті көріп, игереді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

Назарбаев Н.Ә. «Қазақстанның әлеуметтік жаңартылуы: Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам» // Егемен Қазақстан, 10 шілде, 2012.

Романов С.П. «Развитие дуальной системы инженерно-педагогического образования в высшем учебном заведении» Диссертация на соискание учебной степени д.п.н. Нижний Новгород 2008.

Федотова Г.А. Развитие дуальной формы профессионального образования: (опыт ФРГ и России). Диссертация на соискание учебной степени д.п.н. Москва 2002.

Deissinger T. Dual System // International Encyclopedia of Education 2010

Zholdasbekova S., Nurzhanbaeva Zh. The importance of introduction of a dual system of education in formation of future specialists the work values. International conference of industrial technologies and engineering. Shymkent, Kazakhstan (ICITE) October 30-31, 2014.



АКТЕРЛІК ӨНЕРДЕГІ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Хожамбердиев О.Қ.

Ғылыми жетекші Қазақстан театр қайраткерлері Одағының мүшесі

Сақтағанова А.Қ.

2-курс магистранты

Т.Жүргенов атындағы

Қазақ ұлттық өнер академиясы, makha_63@mail.ru

Сөз өнері жайлы топшылаушылардың туу тарихын, жалпы өнерге тән қасиет хақындағы қағидалардың қалыптасу тарихын әдебиет пен өнер зерттеуші ғалымдар б.э.б. VI ғасырдан, яғни Пифагор тұсынан бері қарай тұтастыра жүйелеп жүр. Дұрысында адам баласының көркемдік талғамының алғашқы белгілері грек өркениетінен ондаған ғасыр бұрын, Ніл мен Нигер, Хуанхэ мен Янцзы, Инд пен Ганг, Тигр мен Евфрат жағалауларын мекендеген көне халықтардың рухани өмірі мен өнерінен пайда болған. Өнер мен эстетика мәселелерін өзінше байыптаған көне дүние ойшылдарының бірі - Сократтың шәкірті Платон (б.э.б. 427-347 жж.). Сөз өнері жайлы Платон философиясы сын көзбен қарауды қажет етеді. Платонның әдемілік жайлы идеалистік көзқарастарын қатал сынға алып, өзінің тың және терең эстетикалық толғамдарын қалыптастырған ұлы ойшыл Аристотель (б.э.б. 384-322 жж.) еңбегінің бүкіл дүниежүзілік әдебиет пен өнер тарихында теңдесі жоқ.

Аристотельдің «Поэтикасы» - өнер туралы тұңғыш философиялық-эстетикалық трактат. Аристотель еңбегінің ең құнды жері тарихта тұңғыш рет дұрыс және дәл эстетикалық принцип ұсынып, өнердің қоғамдық маңызын анықтап ашуында деп білу керек. Аристотель поэтиканы сол әдеби творчествоның, яки сөз өнерінің өзі деп түсінген. Демек, Аристотельдің «Поэтикасы»-өнер туралы ойлар [1]. Сөз өнерінің заңдылықтарын, ұлттық сипаты мен ерекшеліктерін тереңдеп ашу, поэзия тілінің бейнелеу құралдарын, тәсілдерін жіктеп топтастыру, өлең құрылысын, өлшем, шумақ, ұйқас өзгешеліктерін айқындай түсу және өлеңдегі түр, тіл ерекшеліктерін тарихи-әдеби процеске тығыз байланысты зерттеу зерттеушілердің М.Әуезовтың, С.Мұқановтың, Ғ.Мүсіреповтың, С.Кеңесбаевтың, Ә.Марғұланның, Қ.Жұмалиевтің, Е.Ысмайыловтың, З.Қабдоловтың және т.б. назарын аударып келгені белгілі. Поэзия - сөз өнері, көркемдік шеберліктің теңдесі жоқ озық үлгісі. К.С.Станиславский: «Сөзің салмақты, үндемегенің әдемі болсын», - деген екен. Поэзиядағы, өлең жырлардағы бейнелі, өрнекті сөздер эстетикалық сезімнен, образды, бейнелі ойдан, дүниені ақынша, суреткерше қабылдаудан туады. Поэзияда адам өмірі, мінезі, іс-әрекеті, кескін-келбеті бейнеленгенде оның сан алуан дара, дербес өзгешеліктерін толық сақтаған және сол адам өскен ортаның, дәуірдің сырларын танытатын типтік қасиеттері бар жанды тұлға жасалып шығады. Сөз шеберінің құдыретті өнерінің туындысы болған осындай көркем бейне бойына жан бітіріп, қан жүргізіп қойғандай, бетінің нұры, көзінің жанары сәуле беріп, жүрегінің соғуы, тыныс-демі-бәрі сезіліп тұрғандай әсер қалдырады. Поэзияда не нәрсенің болсын дараланып, жекеленіп көзге түсетін ерекшеліктері өмір құбылыстарының, адамның мінез-әрекетінің елеулі сырларын, маңызды жақтарын, ішкі қасиеттерін танытатын, аңғартатын болғандықтан алынады. Өлең тілінің көп ерекшеліктері поэзияның ең негізгі, басты қасиеттерінен өрбиді, яғни олар поэзияға бірден-бір тән дүниені эстетикалық, ақындық

сезіммен қабылдау өзгешелігіне сәйкес қалыптасады. Өлең тілі, оның сөз кестесі, жалпы поэзия, әдебиет сияқты халықтың өмірімен біте қайнасып жатады. Поэзияда ғасырлар бойы шындалып, әбден екшелген осындай сөз нұсқаларындағы ұлттық сипат-белгі олардың халық тарихындағы, өмір тұрмысындағы елеулі жайлармен, халықтың өте маңызды эстетикалық түсінік-ұғымдарымен терең қабысып жатқандығына байланысты екені даусыз [2].

Сөз мәдениетінің басты сапалық қасиеттері бар. Сөз мәдениетінің басты сапалық қасиеттеріне мыналарды жатқызуға болады: сөздің тазалығы, сөздің анықтығы, сөздің көркемдігі. Сөздің тазалығы дегеніміз - сөйлеуші өз сөзінде ұлттық тілдің табиғи таза болмыс табиғатын сақтап сөйлеуі болып табылады. Сөз сапаларына қарама-қарсы құбылыстар бүгінде тіліміздің де, мәдениетіміздің де тынысын тарылтып, ұлттық тілдің қадір-қасиетін, көркемдік сипатын жоғалтып жатады. Бұл ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетімізге зиянын тигізеді. Сөздің анықтығы дегеніміз- тыңдаушыға түсінікті сөз мазмұны. Сөз анық, түсінікті болу үшін айтушының тыңдаушыға жіберген ақпараты туралы толық мәліметі болу керек. Айтушы ойының екіұштылығы, көпмағыналы сөздерді жиі қолдануы сөз мазмұнын қиындатқандықтан сөздің анықтығы сақталмайды. Ол үшін ақпарат беруші сөзіне нақты, дәл мағына беретін тілдік бірліктерді тандап, іріктеп, сұрыптап қолдануы керек. Мысалы, айтушының сөзіндегі бірнеше мағына беретін тілдік бірліктер тыңдаушының түсінігіне қиындық келтіреді. Сөздің анықтығы адам ойының логикалық түсініктілігіне де тікелей қатысты. Бірақ, анық түсінікті ой миға әр уақытта келе бермейді. Қазіргі заман-ақпарат ғасыры. Ақпараттың дамуы, ғылымның параметрлік масштабының көптігі, жаһандану үрдісінің қарқындылығы т.б. факторлар адам ойының анықтығына, сөзге айналу қызметіне түрлі қиындықтар тудырып жатады.

Сөздің көркемдігі. Көркем өнер жазу, сөйлеу тәжірибесінде адам сөзінің көркемдік қуаты қабылдаушыға әр түрлі ықпал етеді. Сөздің көркемдік сипаты қабылдаушының тілдік санасына бірдей ықпал етпейді. Сөздің көркемдігі қабылдаушыға когнитивті-ассоциациялық, эстетика-стилистикалық қызмет атқарады. Сөздің көркемдікке құрылған мәні адам санасында ерекше стилистикалық әсер тудырады. Адам сөзінің көркемдік мәні ұлттық тілдің байлығын ұтымды, шебер қолдана білуінде. Сөздің көркемдігі – коммуникативті актіде «тыңдаушыға әсер ететін» образды сөздер топтамасы. Айтушының сөзіндегі көркемдік қасиеттің көп болуы коммуникативтік актіге қатысушылардың прагматикалық мақсатының сәтті орындалуына ықпал етеді. Сөздің көркемдігі безендіруші стилистикада қарастырылады. Қазіргі сөз өте ауқымды, диапазоны кең. Қоғамдағы түрлі өзгерістер сөз мәнінің, мазмұнының, ақпараттың құндылығының барынша мәнді, әсерлі болуын талап етеді. Сондықтан кез келген сөйлеу қызметінің барысында сөйлеуші сөзінің көркемдік мәнін сапалы ұйымдастыруға күш салады. Троп түрлері ғана көркемдік қуат танытпайды, басқа да лексикалық, фонетика-интонациялық тілдік таңбалар да эстетикалық-стилистикалық бояуға ие болады. Сөз байлығы - ұлттық тілдің байлығы, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, халықтың бай ауыз әдебиеті. Мағжан «Базар жырау» атты мақаласында халық ауыз әдебиетінің байлығын жинауға атсалысқан Базар жырау туралы айтып қана қоймайды. Ауыз әдебиетінің бай қазынасын төкпей-шашпай жинаған Базарды мақтамас бұрын, осы ауыз әдебиетінің шашылып-төгіліп, нәрін жоғалтып алмау деген күрсінісін жасырмайды. Мағжан қазақ сөзінің тазалығы үшін күресті, ұлттық тілдің, бейнелі сөз бедерінің айшықты бояуларының жоғалғанын айтып қана қойған жоқ, ұлттық тіл байлығының молдығын, көркемдігін, теңіздей тұңғыық, мәнді сөздерден айрылғанын айта отырып, осындай рухани қазынаның барын ардақтап, ұлт санасында қалдыру үшін күрескер болғанын айғақтайды. Қазіргі уақытта «Сөз мәдениеті» тілдегі көптеген қызықты теориялық және практикалық сипаттамаға ие бола алады. Сөз мәдениетінің теориялық және қолданбалы сипаттамасын, жеке, белгілі компоненттер арқылы саралауға болады. Олардың басты компоненттеріне мыналар жатады: тілдік норма, тілдік норманың қалыптасуы, сөйлеу тіліндегі стилистикалық мүмкіндіктер, сөйлеу мәдениеті және тіл саясаты, сөйлеу мәдениеті - көп тілділік, жеке тұлға сөзінің

мәдениеті мен жалпы ұлттық қазақ сөзінің мәдениеті, әдеби тіл және әдеби тілден тысқары сөз қорлары т.б. Сөз мәдениеті – тек теориялық пән емес, тәжірибелік мәні зор ғылым саласы. Сөз мәдениетінің практикалық аспектілеріне мыналарды жатқызуға болады. Сөз мәдениетін оқытудың әдістемесі, түрлі орфоэпиялық сөздіктер, сөз мәдениеті туралы жинақ, нұсқау әдебиеттері, ұлттық әдеби тіл нормасын, ұлттық өз мәдениетін насихаттау т.б. Сөз мәдениетіне қатысты көп тараған зерттеулер бар, ондай зерттеулер қазақ тіл білімінде біршама қарастырылып келеді. Сол әдістердің бірі- сөз және тіл фактілерін жинап, содан соң теориялық және практикалық қорытынды шығару. «Сөз мәдениетіне» қатысты көп тараған әдістердің бірі- анкета толтыру. Кейде сөз мәдениетіне қатысты статистикалық әдіс те қолданылып жүр. Мысалы, «Абай сөздігінің жиілігі» т.б. атауға болады. «Сөйлеу мәдениеті» жеке пән ретінде тез, шапшаң, қарқынды даму үстінде. «Сөз мәдениетінің» белгілі ғылыми теориясы анықталуда, зерттеу тарамдары тереңдеп әрі ғылыми-терминологиялық аппараты толық қалыптасып жатыр. Сөз мәдениетіне қатысты жаңа кешенді зерттеулер жасалуда. Сөйлеу мәдениетінің басты критерийлеріне тілдік нормалар жатады. Орфоэпиялық норма тілдік сөйлемдерді дұрыс дыбыстау, лексикалық сөзді таңдап, талғаммен айту. Талғаммен айту үшін сөз таңдау мүмкіншілігі болу керек, айтушының сөздік қорына әрі қазақ тілінің бай мұрасын қаншалықты меңгергеніне тікелей байланысты. Синтаксистік норма дегеніміз- сөйлемді дұрыс құрау, оның өзіне тән компоненттерін көркем байланыстыру, қарапайым әрі әсерлі жеткізе білу болса, онда әсерлі жеткізу үшін әсем тілдік сөйленім дағдысын қалыптастыру қажет. Сөз мәдениетінің жаңа кезеңі басталды. Сөз мәдениетінің жаңа кезеңіне функционалды стилистика, сөз жанрларының жіктелуі мен коммуникативті сапа, коммуникативтік норма, сөзді тиімді қолдану қағидаларымен байланысты зерттеу нысаны ілікті. Сондықтан сөз мәдениетінің жаңа кезеңдеріне тек тілдік нормалар ғана жатпайды. Тілдік, коммуникативтік, этикалық нормалардың жиынтығы сөйлеуші кім, қабылдаушы кім, қандай ортада сөйлеп тұр, ортаның мәдени дәрежесі қай деңгейде деген мәселелер де сөйлеу мәдениетіне үлкен жауапкершілікпен қарауды талап етеді. Сөйлеу мәдениеті ойдың дәлдігі, сөздің анықтығы, тазалығы, көңіл күйге әсер ететін шынайылығы (ол қарапайым сөзден немесе бейнелі образды сөздерден құрылуына қарамастан), көркемдігі тілдің маңызды қасиеттерін саралауды талап етеді. Сөз мәдениетін қалыптастыруға қажетті лингвистикалық орталықтар болуы шарт. Олардың қатарына лингвистикалық болжау орталығы жатады.

Сөйлеу мәдениеті шаршы топ алдында мәдениетті сөйлеу, оның алғышарттарын, әдіс-тәсілін танып-білу, озық үлгілерін меңгерудің жолдарын іздеу, нақты қасиеттерінің сыр-сипатын анықтап, оны зерделеп, ұғыну мен сөз мәдениетіне қатысты үгіт-насихат жұмыстары, оқу құралдары, түрлі сөздік анықтағыштар сияқты мәселелермен тығыз байланысты. Еліміздің егемендік алуы мен қазақ тілінің статус алуы мемлекеттің бір-бірінен бөлінбес бөлшегінің негізгі алғышарттары болып табылады. Қазақ тілін ғылым тілі, ресми тіл жасау, сөз мәдениетін көтеру ұлттық мүдде-санаға апарарды. Қазақ ұлтының ұлттық мүдде талабының бірі - қазақ ұлттық сөз мәдениетін мемлекет ішінде толық қалыптастыру мен сөз мәдениеті дамыған елдердің қатарына жеткізу мақсатында әлеуметтік көзқарасты қалыптастыру бүгінгі ғылым мен қоғамның басты міндеті. Осы мақсат-міндеттерді жүзеге асыру үшін мына мәселелер орындалуы шарт:

Сөз мәдениеті- ұлт мәдениетінің басты көрсеткіші, сөз мәдениеті мемлекеттік іс-шаралардың жиі қолға алатын саласына айналуы керек, мемлекеттік тіл саясаты тұрғысынан реттеліп отырылуы тиіс; Сөз мәдениетіне әлеуметтік көзқарасты қалыптастыру, сөз мәдениетін әлеуметтік ғылымдардың, ұлттық мәдениеттің ең басты тірегі ретінде бағалау; Сөз мәдениетін қоғамдық ғылымдардың барлық саласында оқыту, қазақ сөз мәдениетінің талаптарына жеткізу; Сөз мәдениетін ұлт мәдениетімен бірге жаппай уағыздау, насихаттау ұстанымын бекіту; Сөз мәдениетін толық таразылау үшін лингвистикалық болжау орталықтарын ашу; Сөз мәдениетінің бір саласы- сөз экологиясын мектеп бағдарламаларына

енгізу; Сөз мәдениетінің бір саласы ретінде лингвистикалық сараптама,лингвоэкология,сөз экологиясын ЖОО-да оқыту [3].

Тіл мәдениетінің қайнар көзі- сахна тілі. Сахна тілі- адамның жүрек сезімін шертетін, оны кез-келген жағдайда, қуанышта да, қайғыда да тәрбиелей алатын, үйрететін тіл. Сахна тілінің басты мақсаты- рөлді орындау барысында сөйлеуге машықтандыру, әрбір сөз мәнін түсініп, табиғатын тануға баулу; драмалық шығармаларды іріктеу, кейіпкер образын аша түсетін штрихтарға талдау жасау, ондағы әр сөзге мән беру, оның орындауын, сахналық үлгісін жасау, тілдік сөз қорын байыту, мәнерін жетілдіру.

Салауатты әрі мәдениетті адамдар үшін дұрыс сөйлеп, сауатты жазу қандай міндет болса, сөздерді дұрыс айту да актерлар үшін сондай шарт. Сөйлеу техникасы көбінесе өз дауысын меңгеруіне байланысты. Ал өз дауысын меңгеруі оның тынысына, сөйлеу мүшелерінің қызметіне интонацияға, сөйлеу шапшаңдығына, паузаға, дикцияға байланысты болады. Сөйлеу техникасын жете меңгерген актер драматург туындысының қасиетін, асыл құнарын тап басып жеткізуді қамтамасыз ете алады. Дикция, тыныс, дауыс, орфоэпия, ауызекі сөздің логикалық-интонациялық заңдылықтары, міне осының бәрі-сөйлеу шеберлігінің маңызды да қажетті қырлары [4]. Қорыта айтқанда, сахнадағы кейіпкер бейнесінде жүрген актер өз рөлінің ерекшелігіне қарай сөйлейді. Егер сөздерді бұрып сөйлеу, кекештену, асығып, сөздің соңғы дыбыстарын айтпай қалу өз рөлімен байланысты болса, мұндай сөйлеу актердің дарындылығына, образды сомдаудағы шеберлігіне ерекше көмегін тигізеді. Яғни, сөйлеу мәдениеті мен сөйлеу техникасын қатар меңгеру қажет. Актерлік өнердегі сөз мәдениетіне, сөйлеу техникасына байланысты мәселелер ауқымы кең, әрі сан алуан.Актердің сөйлеу техникасын жете меңгеруі кейіпкердің жан-дүниесін, бастан кешкендерін кемел, көркем түрде көрерменге жеткізуіне көмектеседі. Сондықтан актер сөзді, сөз құдыретін өздері ғана ұғынып, бағалап қоймай, оны көрерменге, тыңдаушының зердесіне жеткізе білуі керек.

Пайдаланған әдебиеттер:

Қабдолов З. Сөз өнері.-Алматы, «Санат», 2007.-360б.

Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. Мектеп баспасы, Алматы, 1973

Әлкебаева Д. Сөз мәдениеті. Оқу құралы.-Алматы: Қазақ университеті, 2011.-196 б.

Тұранқұлова Д. Сахна тілі. Жоғары оқу орындары театр өнері факультеттерінің студенттеріне арналған оқу құралы.-Алматы, «Білім» баспасы, 1998.-208б.



БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ - КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

The Value of Information and Communication Technology in The System Of Education

Сманов А.А

аға оқытушы, Нархоз университетінің экономикалық колледжі,

Садыкова Д.А

ж. ғ. м., аға оқытушы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Алматы қаласы, damelia_71@mail.ru

АҢДАТПА

Мақалада ақпарат, ақпараттық технология, ақпараттық-коммуникациялық технология сөздеріне анықтама беріледі. Елімізде білім беру саласында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгерген мамандарға деген сұраныстардың артуы, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланып қолданудың маңызы жайлы айтылды. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар адам іс-әрекетінің барлық салаларына енуімен қоса, біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігі болып табылатындығы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдарын пайдалану әртүрлі ақпараттың түрлерімен жұмыс істеу үдерісін тездететіндігі және жеңілдететіндігі қарастырылған. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму бағдарламасында ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы және бейімделуі экономикалық көрсеткіштерге ғана емес, адамдардың өмір сүру салтына да әсер етіп, қоғамды жаңғыртудың маңызды факторы болатыны жайында сөз болған [1]. Бұл стратегиядан ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамытудың қазіргі кездегі Қазақстанның экономика, ғылым мен білім салаларына және еліміздің азаматтарының өмірі үшін маңыздылығын байқаймыз. Қоғамның ақпараттық сипатқа ие болуы еліміздің ғаламдық ақпараттық үдерістерге ілесуін жеделдетуде. Қазіргі уақытта кез келген іс-әрекетте жоғары сапаға жету, адамның ұтқыр болып, өз бетінше жылдам ықпалды шешім қабылдай алуы ақпараттық технологияларды меңгермей жүзеге асыру мүмкін емес. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар уақытты үнемдеп, білімдік ақпарат алуы жеңілдетеді, қашықтықтан білім алу мүмкіндігін туғызады. Осыған орай, адам әрекеттерінің барлық аймақтарындағы ақпараттық білімдерді пайдалану қарқынды жүруде. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар әлемдік экономиканы дамытудың қозғаушы күші болып табылады. Ақпарат дәуірінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық инфрақұрылым жаңа бизнес-үлгілерді, тауарлар мен қызметтерді, жаңа ашылулар мен өнертабыстарды дайындауға ықпал жасайды, жалпы экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыра отыра мемлекеттің дамуын қайта құрудың ғылыми-технологиялық кілті болып табылады [2]. Қазақстан Республикасының ірі бәсекеге қабілетті мемлекеттердің қатарына кіруге қатысты мақсаттары елде білімге негізделген жаңа экономиканы қалыптастыру бойынша үлкен күш жұмсауды талап етеді. Осындай талаптың жүзеге асуы тек ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту және енгізу арқылы мүмкін болатындығы сөзсіз.

Осыған байланысты еліміздің алдында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тұтынудың және қолданудың өсу қарқынын елеулі арттыру және елдің бәсекеге қабілеттілігін ұзақ мерзімді қамтамасыз ету мақсатында ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың білім беру жүйесіне енгізуді жеделдету міндеті тұр. Қазіргі таңда аралас, яғни дәстүрлі және электрондық оқыту тәжірибеден өткізілуде. Халықаралық зерттеулерге сәйкес (Watson, John, 2008) болашақта аралас оқу түрі орта білім беру саласында басымдыққа ие болады деп күтілуде, - деп А.Қ.Мошқалов өз еңбегінде айтып кеткен.

«Ақпараттық технология» термині ғылымда XX ғасырдың 40-50 жылдары пайда болып, Америкада XX ғасырдың басында дидактиктер «оқуға арналған медиа», «оқыту машиналары», «оқытуды автоматты түрде басқару» сияқты ұғымдармен байланыста болды [2].

Ақпараттық технологиялар – ақпаратты пайдалану үдерісін жеңілдетуге арналған әдістер мен бағдарламалық-техникалық құралдар жиынтығы, ақпаратты алу, түрлендіру, жіберу, сақтау және пайдалану әдістері мен құралдары. Сондай-ақ, ақпараттық технологиялар деп микропроцессорлық және есептеуіш техниканың, сондай-ақ, ақпаратты жинау, жасау, қорға жинақтау, сақтау, талдау және жіберу жұмыстарын қамтамасыз ететін ақпарат алмасудың заманауи құралдары мен жүйелері негізінде қызмет ететін бағдарламалық-құрылғылық құралдар мен кондырғыларды айтамыз.

Ақпараттық технологиялардың пайда болуы мынадай жетістіктерге байланысты: ақпаратты жинақтаудың жаңа құралдарының пайда болуы, байланыс құралдарының дамуы, компьютердің көмегімен ақпаратты лезде жасап шығару мүмкіндігі. Ақпаратқа нақты анықтама беру ғылымдағы күрделі мәселенің бірі болып келеді. Кибернетикалық тұрғыда ақпарат деп деректер, мәлімет, хабар туралы бастапқы хабарлау ұғынылады. Кибернетика ақпарат ұғымын адам сөзі мен коммуникацияның басқа да формалары аясынан шығарып, кез келген түрдегі мақсатты түрде бағытталған жүйелермен байланыстырады. Ақпарат үш түрлі формада көрінеді:

- биологиялық (биоток, генетикалық механизм байланыстары);
- машиналық (электр тізбегіндегі сигналдар);
- әлеуметтік (қоғамдық жүйедегі білім «қозғалысы»).

Жасанды интеллектіге байланысты түсіндірме сөздікте ақпаратты нақты деректер мен олардың арасындағы байланыс туралы білім жиыны деп, екіншіден есептеу техникасында берілген келісім арқылы белгілі бір деректер қорына ғана қатысты, ЭЕМ-ге енгізілетін, оның жадында сақталатын, өңделетін әрі пайдаланушыларға берілетін мазмұн екеніне акцент жасалады.

Ақпараттық технология – белгілі бір міндеттерді орындау бойынша әрекет сызбасы және оның техникамен қамтылуы. Интернет желісінде және компьютерде жұмысты жеңілдету үшін пайдаланылады. Ақпаратты тарату, өзгерту, сақтау, жинақтау үшін құрал ретінде қолданылады [3].

Ақпараттық-коммуникациялық технология – белгілі бір күткен нәтижені алу үшін ақпаратты қолдану, тапсыру, сақтау, өңдеу, автоматтандырылатын әдістер, амалдар, құралдар жиынтығын көрсететін информатиканың ғылыми аясындағы қолданбалы бөлігі [4].

Білімді ақпараттандыру – Интернетке қосылумен, электрондық оқулықпен мектепті компьютерлермен жабдықтауымен ғана шектелмейтін көпдеңгейлі күрделі үдерісі. Қазіргі таңда техникалық құралдарды қолданудың мазмұндық жағын қарастыру және дамыту қажет. Техникамен қамту ақпараттандыру үдерісінде маңызды іс болып табылады [4].

Ақпараттық қоғамның әр адамы осы салада құзыретті болуы дәлелдеуді қажет етпейді деп

санаймыз. Демек, білім беру жүйесінде білімді ақпараттандырудың мемлекеттік маңызы бар мәселе болуы заңдылық. Оның ішінде осы сала үшін мамандар дайындаудың өзектілігі артады. Бұл бағытта елімізде ізденістер жасалып, бірқатар зерттеулер жүргізілді.

Ақпараттық технологиялар – білім алуды дұрыс ұйымдастыру құралдары. Компьютер – ақпараттық технологиялардың негізгі құралы болып табылады, ол білім алудың әртүрлі формаларында қолданылады. Ақпараттық технологияларды оқыту үдерісінде қолдану үшін білім алушы мен оқытушының арасында белсенді әрекет қажет. Ол үшін: өзара әрекет, бірлескен әрекет, өзара түсінушілік, өзіндік бақылау әрекеттері қажет. Ақпараттық технологиялардың қолдану тиімділігі ақпараттарды іріктеу, талдау, салыстыру, өңдеу және іс-тәжірибеде қолдану әрекеттерінен көрінеді. Тұлғаның өзіндік дамуына ақпараттық технологиялардың әсер ету мүмкіндіктері мол. Сонымен, білімді ақпараттандырудың негізгі бағыты ХХІ ғасырдың талаптарына сәйкес қоғамды дамытудың жоғары, тиімді технологияларына сүйенген жаңа білім мазмұнына көшу болып табылса, оқыту үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалану білім беруші және білім алушы субъектілердің қарым-қатынасының бұрынғы қалыптасқан жүйесін, олардың іс-әрекеттерінің мазмұнын, құрылымын елеулі өзгерістерге ұшыратады. Қалыпты білім беру жүйесінде «білім беруші – білім алушы – оқулық» түрінде құрылған үш жақты байланыс бұзылып, «білім беруші – білім алушы – компьютер» жүйесі пайда болды. Мұндай жүйеде білім беру оқу-тәрбие үдерісінде компьютерді қолдану оқытушының білімі мен біліктілігіне, ақпараттық құзіреттілігіне қойылатын талаптарды қайта қарап, жүйелеуді және жетілдіруді алдыңғы қатарға шығарады. Қорыта келе, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол. Жедел дамып отырған ғылыми-техникалық прогресс қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық процесінің негізіне айналды. Ақпараттық технологиялық дамуға және оның қарқынына экономиканың жағдайы, адамдардың тұрмыс деңгейі, ұлттық қауіпсіздік, бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтағы мемлекеттің рөлі тәуелді болады. Тұтас дүние қалыптастыру мен қоғамдастықтар, жеке адам мен бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың өмір сүруі үшін жаңа жағдайларды қамтамасыз етуде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар маңызды рөл атқарады. Білім беру саласында электрондық байланыс жүйелерінде ақпарат алмасу интернет, электрондық пошта, телеконференция, телекоммуникациялық жүйелер арқылы іске асырылуы керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2050 жылғы стратегиясы // Астана, 2012.
2. Ахметова Г.К., Мұхамбетжанова С.Т., Толықбаева Ғ.Н. Педагогтардың АКТ-ны қолдану арқылы құзырлығын қалыптастыру бойынша портфолио // Алматы, 2012,-30 б.
3. Мулдабекова К.Т. Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру // Алматы, 2014, -161 б.
4. Амирова А.С. Ғылым мен бастауыш білімнің қазіргі мәселелері // Алматы, 2015, - 390 б.